




Международный  
Центр  
Рерихов

Культурный центр  
имени  
Н.К. Рериха



# Н.К. РЕРИХ

1874 – 1947

## МӘДЕНИЕТ АРҚЫЛЫ БЕЙБІТ ӘЛЕМ КӨРМЕ ЖОБАСЫ

### ВЫСТАВКА МИР ЧЕРЕЗ КУЛЬТУРУ

Н.К. РЕРИХТІҢ

# 150

## ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛАДЫ ЛЕТ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ

«Николай Рерих жайлы ойлаған кезде, мен сіңірген еңбегінің кең ауқымдылығы мен байлығына және оның шығармашылық дарынына таң қаламын. Біртуар суретші, көрнекті ғалым әрі жазушы, археолог және зерттеуші болған ол адамзат талпынысының көптеген жақтарын жарыққа шығарған. Тіпті салған суреттер санының өзі таң қаларлық – мыңдаған кескіндеме туындылары және әрқайсысы – ұлы өнер туындысы».

Джавахарлал Неру, Үндістан Премьер-министрі

«Когда я думаю о Николае Рерихе, я поражаюсь размаху и богатству его деятельности и творческого гения. Великий художник, великий ученый и писатель, археолог и исследователь, он касался и освещал так много аспектов человеческих устремлений. Уже само количество картин изумительно – тысячи живописных полотен и каждая из них – великое произведение искусства».

Джавахарлал Неру, Премьер-министр Индии


Международный  
Центр  
Рерихов



Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және Еңбек істері



# НИКОЛАЙ КОНСТАНТИНОВИЧ РЕРИХ 1874–1947



Н.К. Рерих, конец 30-х годов  
XX века (фото)

“ Будем утверждаться в радости творческого труда,  
в радости сотрудничества, в радости познания,  
которые приведут нас к великому познанию Культуры.


”

Н.К. Рерих



Н.К. Рерих  
Бейбіт Әлем Байрағы  
Знамя Мира, Рах cultura. 1931


Суретші, ғалым, жазушы, қоғам қайраткері, ойшыл. 7000-нан астам көркем бейне жұмыстарының авторы, оның ішінде пірадарлар мен қаһармандар, Орта Азия және Гималай тауларының бейне панорамасы, шіркеулерді әшекейлеу, театр қойылымдарына арналып жасалған декорация мен костюмдердің эскиздері және т.б. топтамалар бар. Орта Азиялық ғылыми экспедицияларды басқарған. Солардың бірі қатарында Қазақстан аумағында да болған (1926 ж.) XX ғ. 30-шы жж. Мәдениетті қорғау халықаралық қоғамдық қозғалысын басқарды. Рерих Пакті деген атпен тарихқа енген мәдени құндылықтарды қорғау жайындағы Пактінің бастамашысы. Мәдениеттің ғұлама қайраткері.




Н.К. Рерих  
Мұхаммед Хира тауында  
Магомед на горе Хира, 1924

«Адамзат алдында ғарыш айбындылығы деңгейіндегі оқиғалар тұр. Адам баласы енді болып жатқан нәрселердің кездейсоқ емес екеніне көз жеткізді. Мәдениет рухын жасайтын уақыт таяп қалды. Ұлы өнер құндылықтары жер бетіндегі күйзелістердің бәрін жеңіп келе жатыр. Біз – Махаббат, Сұлулық және Әрекет деген кезімізде, халықаралық тілдің формуласын айтып жатқанымызды білеміз».

Н.К. Рерих



Н.К. Рерих, 1927




Кыпшақтар ауылы  
Половецкий стан, 1944 г.

«Предстали перед человечеством события космического величия. Человечество уже поняло, что происходящее не случайно. Время создания Культуры духа приблизилось. Ценности великого искусства победоносно проходят через все бури земных потрясений. И когда утверждаем: Любовь, Красота и Действие, мы знаем, что произносим формулу международного языка».

Н.К. Рерих

Художник, ученый, писатель, общественный деятель, мыслитель. Автор более 7000 художественных работ, среди них серии о духовных подвижниках и героях, художественная панорама Центральной Азии и Гималаев, росписи церквей, эскизы декораций и костюмов к театральным постановкам и др. Руководил научными экспедициями в Центральную Азию. В ходе одной из них посетил территорию Казахстана (1926 г.) Возглавил международное общественное движение в защиту Культуры в 30-х годах XX века. Инициатор Пакта о защите культурных ценностей, вошедшего в историю как Пакт Рериха. Выдающийся деятель Культуры.




Н.К. Рерихтың Жонғариядағы экспедициясы  
Экспедиция Н.К. Рериха в Джунгарии, 1926 г.

© 2024



# Н.К. РЕРИХ


## ӨМІР БЕЛЕСТЕРІ ЭТАПЫ ЖИЗНЕННОГО ПУТИ



Святослав Рерих.  
Портрет Николая Рериха, 1928 г.

“ Мы трудимся для высшей Культуры,  
Красоты, Знания, Мира ”

Н.К. Рерих



Н.К. Рерих  
Лахул гастары  
Камни Лахула, 1932

1874 жыл 9 қазан – Санкт-Петербург қаласында дүниеге келді.

1893 - 1898 – Санкт-Петербург университетінде (заң факультеті) және Көркем академияда (А. Куинджи шеберханасы) оқыды.

1903 - 1916 – көне орыс қалаларына бірқатар саяхат жасады да, көне сәулет өнері ескерткіштеріне арналған суреттер топтамасын салды. Мәдени мұраны сақтап қалу қажеттілігі жайында сөз қозғап жүрді. Белсенді түрде ұстаздық, қоғамдық, әдеби, ғылыми еңбек атқарды.

1916 жылдан кейін Еуропа елдерін аралады.

1920 жылы АҚШ барып, бірқатар мәдени мекеме құрды.


1923 - 1928 – Орта Азиялық (Үндістан, Қытай, Алтай, Моңғолия, Тибет) экспедицияны жүзеге асырды.

1934 - 1935 - Манжурия экспедициясы (Қытай, Моңғолия). Өмірінің соңғы жылдары Үндістанда тұрды.

1947 жылы 13 желтоқсанда Кулу алқабында (Солтүстік Үндістан) дүниеден өтті.



Жұбайы  
Елена Ивановна Рерих  
(1879 – 1955)  
Супруга  
Елена Ивановна Рерих



Юрий Николаевич Рерих  
(1902 – 1960)  
Святослав Николаевич  
Рерих (1904 – 1993).

9 октября 1874 года – родился в Санкт-Петербурге.

1893 - 1898 – учеба в Санкт-Петербургском университете (юридический факультет) и Академии художеств (мастерская А. Куинджи).

1903 - 1916 – совершил ряд путешествий по древнерусским городам и создал серию картин о памятниках древнего зодчества. Выступал за сохранение культурного наследия. Вел активную педагогическую, общественную, литературную, научную деятельность. После 1916 года путешествовал по странам Европы.

В 1920 году посетил США, где создал ряд культурных учреждений.


1923 - 1928 – осуществил Центрально-Азиатскую экспедицию (Индия, Китай, Алтай, Монголия, Тибет).

1934 - 1935 – Манчжурская экспедиция (Китай, Монголия)


Последние годы жил в Индии. Ушел из жизни в долине Кулу (Северная Индия) 13 декабря 1947 года.



# ОРТА-АЗИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ЦЕНТРАЛЬНО-АЗИАТСКАЯ ЭКСПЕДИЦИЯ



“ Осознание единения врожденно  
всем народам.  
Н.К. Рерих ”



«...менің суретші ретіндегі ең басты талпынысым – көркемсуретке деген ұмтылыс болатын. [...] Нанымдылық, бұл шығармашылықтың сөзбен жеткізбес сиқырлы қасиеті, болмыстың тек шынайы әсері қабаттасқан кезінде жасалады». Н.К. Рерих

Көне ескерткіштер, дін ахуалы, халықтардың ұлы көшінен қалған іздер зерделеніп, зерттелді. Азияның көркем панорамасы жасалды.

1923 - 1924 – Үндістанның солтүстігіндегі (Сикким, Кашмир, Ладак) зерттеулер.

1925 - 1927 – Шыңжаңдағы (Шығыс Түркістан) Қаракорым асуынан, қазіргі Қазақстан аумағы (1926 г.) мен ары қарай Алтай, Моңғолия, Тибет аумағына өткен саяхаты.

1928 – саяхаттың Дарджилингте (Үндістан) аяқталуы.

10 000 километр, 35 асу (4300 - 6400 м), оның ішінде Тибеттің зерттелмеген аумақтары.

Экспедиция барысында Николай Рерихтың қасында жұбайы Елена Ивановна Рерих пен ұлы Юрий Николаевич Рерих болды. Орта Азиялық экспедиция материалдарының негізінде «Урусвати» атты Гималай ғылыми зерттеулер институтының негізі қаланды (Үндістан).



«...моё главное устремление, как художника, было к художественной работе. [...]

Убедительность, это магическое качество творчества, необъяснимое словами, создается лишь наслоением истинных впечатлений действительности». Н.К. Рерих

Изучались памятники древности, состояние религий, следы великого переселения народов. Создана художественная панорама Азии.

1923 - 1924 – исследования на севере Индии (Сикким, Кашмир, Ладак).

1925 - 1927 – путешествие через перевал Каракорум в Синьцзян (Восточный Туркестан), по территории современного Казахстана (1926 г.) и далее Алтай, Монголия, Тибет.

1928 – завершение экспедиции в Дарджилинге (Индия).


Пройдено 10 000 километров, 35 перевалов (4 300 - 6 400 м), в том числе по неисследованным районам Тибета.

В экспедиции Николая Рериха сопровождали супруга Елена Ивановна Рерих и старший сын Юрий Николаевич Рерих.

На основе материалов Центрально-Азиатской экспедиции был создан Гималайский институт научных исследований «Урусвати» (Индия).



# ОРТА-АЗИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ САЯХАТ ЦЕНТРАЛЬНО-АЗИАТСКАЯ ЭКСПЕДИЦИЯ. МАРШРУТ ПО КАЗАХСТАНУ




“

Истинное Знание необходимо  
для ЭВОЛЮЦИИ


”

Н.К. Рерих



Н.К. Рерих  
Киз үйлер. «Шыңғыс-хан» топтамасы, 1931  
Юрты. Серия «Чингис-хан», 1931

1926 ж. 28 мамырында керуен Тарбағатай жотасы арқылы Қазақ АКСР аумағына кірді. Н.К. Рерих осы күні былай жазған: «Жаңа киім киген көктемгі жер, сәлем! Шөптер де, алтын бастар да, Күзеуін шекаралық бекеттің ақ тамдары да. Айбынды шекарашылар шықты. Сұрақ астына алды. Біздің жағдайымызды барынша жақсы жасаудың ортақ амалдары. Тіпті карта бетінде белгіленбеген кішкентай бекетке тән дәрекілік пен қараңғылық қайда?!». Ары қарай Зайсан көліндегі Тополев Мыс айлағына дейін және де жолаушыларға арналған кемемен Ертіс бойымен Омбыға дейін жолжөнеки Өскемен, Семей, Павлодарға тоқтап барды. Рерих осы жол бойғы кездесулерден алған әсері туралы былай айтты: «Білімге деген құштарлық қандай! Бұл құштарлық тауды орнынан қозғайды, өйткені жаңа құрылыстарға деген мызғымас ерлік береді. (...) Эволюцияның діңгегі осы жерде. (...) Халықтың өсіп келе жатқан күші жанды тебіреніп, жаңа күш сыйлайды». Экспедицияның қазақстандық бөлігі 1926 жылдың 28 мамырынан 7 маусымына дейін жалғасты. Осы 10 күн кездейсоқ емес кездесулердің әсеріне, қарапайым халық пен жас Кеңес мемлекеті билігінің өкілдері тарапынан көрсетілген құрметі мен қамқорлығына толы болды.



Н.К. Рерих  
Одинокий всадник, 1931



Зайсан көлі. XX ғасырдың басы.  
Озеро Зайсан. Начало XX века.

28 мая 1926 года караван через Тарбагатайский хребет вступил на территорию Казахской АССР. Н.К. Рерих написал в этот день: «Здравствуй, земля весенняя, в твоём новом уборе! И ещё травы, и ещё золотые головки, и белые стены пограничного поста Кузеюнь. Выходят бравые пограничники. Расспросы. Общая забота сделать нам так, как лучше. Где же грубость и невежественность, которыми мог бы отличаться заброшенный, не помеченный на карте маленький пост?!»

Далее проследовали до пристани Тополев Мыс на озере Зайсан и на пассажирском пароходе по Иртышу до Омска с остановками в Усть-Каменогорске, Семипалатинске, Павлодаре.




Өскемен. XX ғасырдың басы.  
Усть-Каменогорск. Начало XX века

Впечатления от встреч на этом пути Рерих выразил словами: «Какая жажда знания! Ведь такая жажда горами двигает, ведь она даёт непоколебимое мужество к новым построениям. (...) Здесь оплот эволюции. (...) И трогает и даёт новые силы это явление растущей силы народа». Казахстанский этап экспедиции продлился с 28 мая по 7 июня 1926 г. Эти 10 дней были наполнены впечатлениями от неслучайных встреч, уважительной заботой и вниманием как простых людей, так и представителей власти молодого Советского государства.



# РЕРИХ ПАКТИ – МӘДЕНИ МҰРАНЫ ҚОРҒАУ ЖАЙЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ

## ПАКТ РЕРИХА – ПЕРВЫЙ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДОГОВОР ОБ ОХРАНЕ КУЛЬТУРЫ



*N. K. Roerich*



“

Культура есть культ Света ”

Н.К. Рерих

XIX – XX ғғ. тоғысында тарих пен мәдениет ескерткіштерінің болашақ ұрпаққа маңызы өте зор екенін жақсы түсінген Н.К. Рерих Ресейде оларды сақтау бойынша белсенді қоғамдық қызмет атқарып жүрді.


Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде (1914-1918) ол соғысып жатқан елдердің басшыларына қарулы қақтығыстар кезінде мәдени құндылықтарды қорғау қажеттілігі жайында үн тастады. 1929 ж. Орта Азиялық экспедициясы аяқталған соң Н.К. Рерих көркем және ғылыми құндылықтарды қорғау Пактінің бастамашысы болды. Бұл құжат барлық елдердің басшылары мен алықтарын осы пактіге қосылуға шақырады. Мәдениет және ғылым мекемелері мен тарихи ескерткіштерді қорғау жайындағы Халықаралық

Келісім – Рерих Пактіне 1935 жылы 15 сәуірде Вашингтондағы Ақ үйде (АҚШ) президент Ф.Д. Рузвельттің қатысуымен Солтүстік және Оңтүстік Американың 21 мемлекет өкілдері қол қойды. Рерих Пактіне қосылу мәселелерін Еуропаның бірқатар елдері, Қытай, Жапония және т.б. елдер талқылады. Өкінішке қарай, Пактінің ілгерлеуіне Екінші дүниежүзілік соғысқа ұласып кеткен әскери конфликттер кедергі болды.

На рубеже XIX – XX веков Н.К. Рерих вел в России активную общественную деятельность по сохранению памятников истории и культуры, понимая их значение для будущих поколений. В годы Первой мировой войны (1914-1918) обратился к правительствам воюющих стран с призывом об охране культурных объектов во время боевых действий. По завершению Центрально-Азиатской экспедиции, в 1929 году Н.К. Рерих инициировал создание Пакта об охране художественных и научных ценностей. Документ сопровождался обращением к правительствам и народам всех стран с призывом присоединиться к Пакту. Пакт Рериха – Международный Договор об охране художественных и научных учреждений и исторических памятников – был подписан представителями 21 государства Северной и Южной Америки 15 апреля 1935 года в Вашингтоне, в Белом Доме, в присутствии президента Ф.Д. Рузвельта. Присоединение к Пакту Рериха обсуждали правительства некоторых государств Европы, Китая, Японии и др. К сожалению, дальнейшее продвижение Пакта было остановлено военными конфликтами, переросших во Вторую мировую войну.



# БЕЙБІТ ӘЛЕМ БАЙРАҒЫ • ЗНАМЯ МИРА



“ Истинно, Мир всему живущему! ”  
Н.К. Рерих




Н.К. Рерих  
София Премудрость, 1932

Мәдени құндылықтарды қорғау Пактімен қатар Николай Рерих ақ түстің бетінде бейнеленген үлкен қызыл шеңбердің ішінде үш кіші қызыл шеңбер орналасқан ерекше белгіні – Бейбіт Әлем Байрағын ұсынды. Осы әдемі әрі қарапайым белгі ақ түстің аясында өте анық көрінеді. Суретшінің ойынша, бұл белгі қорғауды қажет ететін нысандарда орнатылуы тиіс. Рерих Бейбіт Әлем Байрағын Мәдениеттің Қызыл Кресті деп атады. «Егер Қызыл Крест тәні жараланған, тәні ауырғандардың қамын ойласа, біздің Пакт адамзат даналығынан туға құндылықтарды қорғайды, соның арқасында рухани саулықты сақтайды». Бұл белгі, көнелігі мен киелілігіне қарамастан, ешуақытта қандай да бір дін-нанымның айрықша белгісі болмаған.



Застёжка, XX в., Уральская обл.  
Қапсырма, XX в., Орал обл.

Рерихтің өзі Бейбіт Әлем Байрағына ерекше мән берген. Бұл белгі өткен шақ, қазіргі кез бен келер шақтың Мәңгілік шеңберіндегі біртұтастығын, сонымен қатар өнер, ғылым және руханияттың Мәдениет шеңберіндегі синтезін белгілейді. Егер біріктіру мағынасын білдіретін болса, Н.К. Рерих бұл белгінің басқа түсініктемелеріне қарсы болмаған.




Шара-Мурен, 1935-1936



Тұмар, XX в. Батыс Қазақстан  
Тумар, XX в. Западный Казахстан

Н.К. Рерих  
Ақ тас. Бақыт тұлпары  
Белый камень. Конь счастья, 1933 г.




Вместе с Пактом об охране культурных ценностей Николай Рерих предложил отличительный знак, названный им Знаменем Мира - на белом фоне три красных круга, заключённых в красное кольцо. Красивый и простой по рисунку этот знак хорошо различим на белом фоне. По мысли художника знак должен водружаться на объекты, подлежащие охране. Рерих называл Знамя Мира Красным Крестом Культуры. «Если Красный Крест печется о телесно раненых и больных, то наш Пакт ограждает ценности гения человеческого, тем охраняя духовное здоровье». Несмотря на древность

и сокровенное значение этого символа, он никогда не использовался как отличительный знак какого-либо верования. Сам Рерих придавал огромное значение Знамени Мира. Этот знак символизирует единство прошлого, настоящего и будущего в круге Вечности, а также синтез искусства, науки и духовности в кольце Культуры. Н.К. Рерих не возражал против иных трактовок, если они имели объединительное значение.



# РЕРИХ ПАКТІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ

## ПАКТ РЕРИХА. КУЛЬТУРА И ЦИВИЛИЗАЦИЯ



Сейсем Ата мазары  
Некрополь Сейсем Ата

“

Культура и Красота – в Знании.

”


Н.К. Рерих




Сейсем Ата мазарындағы құлпытас бөлігі. Батыс Қазақстан  
Фрагмент құлпытасы из некрополя Сейсем Ата. Западный Казахстан

Николай Рерих Мәдениетке қоғамның, мемлекеттің, адамзаттың негізі ретінде ерекше мән берген. Ол «Мәдениет» («Культура») сөзінің екі түбірі бар деп есептеген: латын – «культ» («ғұрып») – табыну, бас ию және санскриттік – «Ур» – Жарық. Рерих Мәдениет ұғымын «Жарыққа табыну» деп анықтаған.

Ол былай жазған: «...көптеген адамдар Мәдениет (Культура) сөзін өркениет сөзімен алмастыруға болады деп ойлайды. Сөйте тұра, Культ деген латын түбірі өте терең рухани мағынаға ие екені ұмыт қалады, ал өркениет сөзінің түбірінде өмірдің азаматтық, қоғамдық құрылымы жатыр». Н.К. Рерих «әлемнің тоқырауы материалды емес, рухани. Ол тек рухани жаңарумен ғана емделеді» деп есептеген.



Сейсем Ата мазарының құлпытасы. Батыс Қазақстан  
Құлпытас из некрополя Сейсем Ата. Западный Казахстан



Ежелгі мазар. Маңғыстау  
Древний мазар. Мангыстау.

Николай Рерих придавал особое значение Культуре как основе общества, государства, человечества. Он считал, что само слово «Культура» имеет два корня: латинский «культ» - почитание, поклонение и санскритский «Ур» - Свет. Рерих определял понятие Культуры как почитание Света.

Он писал: «...множество людей полагает вполне возможным замену слова Культура цивилизацией. При этом совершенно упускается, что сам латинский корень Культ имеет очень глубокое духовное значение, тогда как цивилизация в корне своем имеет гражданственное, общественное строение жизни».

Н.К. Рерих считал, что «кризис мира вовсе не материальный, но именно, духовный. Он может быть исцелен лишь духовным обновлением».



# РЕРИХ ПАКТІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ЗАМАН

## ПАКТ РЕРИХА И СОВРЕМЕННОСТЬ



«Мир спасет красоту»  
Ф. М. Достоевский

“

Мы знаем Великую Иерархию Блага,  
и мы уверены в победе Света!

”

Н.К. Рерих

1954 жылы Гаагада Рерих Пактінің негізінде халықаралық «Қарулы қақтығыс кезінде мәдени құндылықтарды қорғау Конвенциясы» қабылданған. Конвенцияны елу алты ел өкілдері (оның ішінде Кеңес Одағы да бар) қол қойды.

Өкінішке қарай, Конвенцияның авторлары Пактінің ең негізгі ойы – Мәдениеттің басымдығы және оны мемлекет өміріндегі барлық салада қорғау идеясынан бас тартты. Бүгінгі күндері халықаралық құқық мамандары Рерих Пактіне және ондағы Мәдениеттің сөзсіз құндылығы концепциясына оралу ұсыныстарын айтып жатыр. Рерих Пакті мен Бейбіт Әлем Байрағы идеялары ХХІ ғасырда да өзекті болып отыр. Бейбіт Әлем Байрағының белгісін көптеген халықаралық ұйымдар қызмет барысында пайдаланып келеді.

Бейбіт Әлем Байрағы Солтүстік және Оңтүстік полюста, Гималай, Алтай, Памир тауларының көптеген шыңдардына, сонымен қатар Ғарышта, «Мир» орбиталық станцияда болды. 1999 жылы ашық ғарышта болған Бейбіт Әлем Байрағының бірі Қазақстанның Тұңғыш Президентіне табысталып, қазір ҚР Орталық мемлекеттік мұражайында (Алматы қ.) тұр.



Знамя Мира, побывавшее в Космосе в экспозиции ЦМ РК  
Ғарышқа шыққан Бейбіт Әлем Байрағы ҚР МОМ экспозициясында

Рерих Пакті мен Бейбіт Әлем Байрағы – Мәдениеттің, адамгершілік пен ынтымақтастықтың символдары, адамзаттың Ғарыш Дәуірі.

В 1954 году в Гааге на основе Пакта Рериха была принята международная «Конвенция о защите культурных ценностей в случае вооруженного конфликта». Конвенцию подписали представители пятидесяти шести государств, в том числе Советского Союза.

К сожалению, создатели Конвенции отказались от основной идеи Пакта – приоритета Культуры и её охраны во всех областях жизни государства. В наши дни специалисты по международному праву предлагают вернуться к Пакту Рериха и его концепции безусловной ценности Культуры. Идеи Пакта Рериха и Знамени Мира продолжают быть актуальными и в ХХІ веке. Знак Знамени Мира используют в своей деятельности многие международные организации.

Знамя Мира побывало на Северном и Южном полюсах, на многих вершинах Гималаев, Алтая, Памира, а также в Космосе на орбитальной станции «Мир». В 1999 году одно из Знамен Мира, побывавших в открытом космосе, было вручено Первому президенту Казахстана и в настоящее время экспонируется в Центральном Государственном музее РК (г. Алматы).

Пакт Рериха и Знамя Мира – символы Культуры, гуманизма и сотрудничества, знаки Космической Эры человечества.

